

ЗАҢГЕРЛЕР ШЕБЕРХАНАСЫ

М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті - Қазақстанның оңтүстігіндегі 70 жылдан аса тарихы бар оқу орны. Ол жоғары техникалық және гуманитарлық білім берудің екі үлкен мектебінен құралады. 1943 жылғы 19 шілдеде СССР халықтық кеңесінің №679 қаулысы бойынша Қазақ КСР-нің Шымкент қаласында Технологиялық құрылыс материалдары институтын ұйымдастыру жөнінде шешім қабылданған.



Қазіргі таңда М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры қызметін техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының және Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент мүшесі Мырхалықов Жұмахан Үшкемпірұлы атқарып келе жатыр. Тәуелсіздік алған алғашқы күнінен-ақ М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Заңтану және халықаралық қатынастар» факультеті білікті мамандар даярлау мен білім сапасын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударды. Білімнің маңыздылығын жоғары бағалап, экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан, осы салаға барынша қолдау көрсетті.

Халқымызда «Билекті – бірді, білімді мыңды жығалды» деген ұлағатты сөз бар. Білімнің баға жетпес үлкен рухани қазына екендігі тек рухани қазына емес, сонымен қатар аса зор өндіріс күші екендігі белгілі. Расында да, білімнің қазына тең қолға басқа идеялық-рухани күш. Қуат көзі жоқ екені анық. Сонымен бірге әлемдік жаңа технология ең әуесті білімнің теңдессіз құшпа арқа сүйейді.

Білім тек ғылымның іргетасы ғана емес, сонымен бірге тасы өрге домалаған, еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың құрамына, ел дамуының алтын арқауы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды. «Заңтану және халықаралық қатынастар» факультеті білімге басымдық беріп отырғандығының басты себебі сонда. Табыстың көзі, жақсы өмір сүрудің түп қазығы білімде жатқанын ұлы Абай да жақсы айтқан. Ол: «Балай білімді, парасатты болсын десең, малыңды айма», - дейді.

Көз келген білімнің айқын мақсат-мүддесі болуы. Білімнің негізгі мақсат - елдік сана мен мемлекетшілдік рухты қалыптастыру, ұлтсанадан құралу, тәуелсіздікті баянды ету.

Қазіргі кезде «Заңтану және халықаралық қатынастар» факультеті бакалавриат бағдарламасы негізінде 5B030100-Құқықтану, 5B020200-Халықаралық қатынастар, 5B030400-Кеден ісі, 5B011500-Құқық және экономика негіздері мамандықтары бойынша білікті мамандар даярлайды.

2002 жылдан бастап факультет 6M020100-Философия, 2003 жылдан 6M050200-Саясаттану, ал 2009 жылдан 6M030100-Заңтану мамандықтарының профильдік және ғылыми-педагогикалық бағыттары бойынша магистранттарды оқытады.

Факультет студенттерінің әскери кафедрада оқуға және академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатыса отырып, шет елдердің жоғары оқу орындарында бір-бірімен оқып келуге мүмкіндіктері бар.

Факультеттің материалдық базасында заман талабына сай айтарлықтай, мақтанышқа тұратын «Сот мәжілісінің залы» атты пәндік кабинетте қылмыстық және азаматтық істер бойынша ойын негізінде сот процестері өтеді. Бұған қоса Шымкент қаласы аудандық соттарының көшпелі, көрнекті сот мәжілістері өткізіледі. Сондай-ақ, факультетте мамандандырылған криминалистика кабинеті жұмыс істейді. Оның жабдықтары тергеу барысында, тінтуде, айғақ зат ретінде алуда және тергеу эксперименттерінде қолданылатын арнайы криминалистік құралдарды тәжірибелік түрде пайдалануға студенттерге үлкен мүмкіндіктерді береді.

Факультет бітірушілері өз мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігінде, әділет министрлігінде, білім және ғылым министрлігінде, сот және прокуратура органдары, кеден органдары мен басқа да құқық қорғау органдарында қызмет етеді.

«Халықаралық қатынастар» мамандығын бітіргендердің негізгі жұмыс орындары Қазақстан Республикасының шет елдер ісі министрлігі, облыстар, аудандар, қалалардың ішкі саясат департаменттері, басқа да мемлекеттік және жеке меншік мекемелері мен ұйымдары болып табылады. Факультеттің кейбір бітірушілері өздерінің білімдерін «Болашақ» бағдарламасы бойынша Батыс Еуропа, Америка, Канада, Ұлыбритания және басқа да мемлекеттерде жалғастыруда.

«Заңтану» мамандығының магистранттары Халықтар достығы Ресей университетінде (Ресей, Москва қаласы), ТМД Желілік университеті Консорциумы шегінде «Халықаралық құқық» мамандырылуы бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда.

«Заңтану және халықаралық қатынастар» факультеті 2016 жылдан бастап жоғары кәсіби мамандар мен жас ғалымдарды оқытып шығарады. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барлық азаматтарға сапалы білімнің қолжетімділігін арттыруға жағдай жасау арқылы білім жүйесінің серпінді дамуына ықпалын тигізеді.

Осындай бүгінгі заман талабына лайық мемлекеттік бағдарлама халықаралық өлшемдер мен ел үміті үдесінен шығып отыр. Тәуелсіздік тірегіне айналар жаңа буын күштерін тәрбиелеу мақсатындағы бағдарлама толық іске асса, еліміздің ертеңі нұрлы, болашағы даңғыл болады деп сенемін. Өйткені, бәсекеге қабілетті білім бәрін жеңеді.

Жамбыл ОРЫНТАЕВ,

«Заңтану және халықаралық қатынастар» факультетінің деканы